

**Теміртау қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 4/4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 мамырда № 6407-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Теміртау қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Теміртау қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Теміртау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 22/5 " Теміртау қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4577 тіркелген) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*А. Ломакин*

Теміртау қалалық  
мәслихатының  
2023 жылғы 5 мамырдағы  
№ 4/4  
шешіміне қосымша

**Теміртау қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығымен қоса)
Жайлы үйлер және жайлы емес үйлер	айына бір тұрғыннан	480,0
Жылдық тариф бір бірлігіне (көлем)	1 м <sup>3</sup>	3410,57

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК